

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

Күндізгі нысанда оқу процесін ұйымдастыру бойынша студенттерге арналған нұсқаулық (ҚБТ-ға ауысуға байланысты)

26 наурыздан 5 сәуірге дейін

Рейтинг апталығы

Рейтинг апталығы 26 наурыздан 3 сәуірге дейін өтеді. **Межелік бақылауға** қатысты барлық сұрақтар бойынша тіркеу бөліміне хабарласыңыз: **Қазына Темірбайқызы 8 701 537 0092**
Раушан Ғабитқызы 8 775 258 6225

Тапсырмалар беру (№ 8 СӨЖ, № 9 СӨЖ). Тапсырмаларды орындау.

Студенттерге келесі апталарда, **26 наурыздан 5 сәуірге дейін** Платонустың «ТАҚЫРЫП» қосымшасында тапсырмалар беріледі.

Мерекенің үш күні 8-ші аптаға сәйкес келетіндіктен, екі тапсырманы бір мерзімге біріктіру жөнінде шешім қабылданды: **№ 8 СӨЖ, № 9 СӨЖ**. Сондықтан, дедлайн - тапсырмаларды орындау мен тексерудің соңғы мерзімі - **5 сәуір**.

Ескерту:

1. Оқу тәртібін сақтаңыз, оқытылған пән бойынша орындалған тапсырмаларды тексеру үшін уақытылы жіберіңіз. Негізінен, бұлар **№ 8 СӨЖ, № 9 СӨЖ**, сонымен қатар басқа да тапсырмалар.
2. Өз пәніңіздің чатында бекітілген тапсырмалардың орындалуы, сонымен қатар академиялық пәннің орындалуы туралы ақпаратты **үнемі** қадағалаңыз.
3. Егер Интернет болса, бірінші кезекте, **қатаң түрде Платонусқа № 8 СӨЖ, № 9 СӨЖ** (бұдан әрі басқа апталар да) бойынша тапсырмаларды жіберу керек. Ең болмағанда, электронды пошта арқылы жіберіңіз (мұндайда ватсап чатында оқытушыға тиісті пән жайлы ескертіңіз).
4. Интернет нашар немесе мүлде болмаса (алыс аудандарда), сорындалған тапсырмаларды поштамен немесе ватсаппен жіберуге болады (мұндайда ватсап чатында оқытушыға тиісті пән жайлы ескертіңіз).
5. Тексеруге жіберілген **файлдардың** (тапсырмалардың) **міндетті түрде** атауы болуы керек (автордың қолы қойылған). *Мысалы*, Идрисова, ПД-19-01_ тобы 8 СӨЖ.

Вебинарды өткізу форматы

Кесте бойынша **OES** платформасында вебинарлар жалғасуда.

Өтініш: вебинарды өткізу кезінде (кесте бойынша) вебинар жүргізілетін пән бойынша чатты ашық ұстау керек. Техникалық кідірістер болған жағдайда оқытушы сабақтарды ватсап чатында немесе «Оқу аудиториясы» қосымшасында өткізуге көше алады.

Демек, сабақта бағалары болуы үшін сабақты өткізудің кез келген форматында өткізуге дайын болу керек.

«Оқу аудиториясы» қосымшасындағы чатты пайдалану

Студенттің бәрі вебинарда жауап беруге үлгере алмағанымен, бірақ оларға жауаптар қажет (сабақта болғаныңыз себепті), сондықтан сабақ кестесі бойынша (вебинардан алынған сабақтардан басқа) «Оқу аудиториясы» қосымшасындағы чатқа шығу керек. Онда жекелеген студенттер оқытушыдан тапсырмалар ала алады, мысалы, «.....» деген сұрақ бойынша конспект құрастырып, студенттер осы чатта орындалған тапсырмаларды тексеру және бағалау үшін жібереді (тіркейді).

«ТАПСЫРМА» қосымшасымен шатастырмау керек !

Чатта вебинарларды өткізу және тілдесу этикеті

Вебинарларды өткізгенде этиканы сақтаған жөн (үй жағдайында өткізілетінін ескере отырып).

Этика: киім формасы (дресс-код), вебинар өткізу кезіндегі ынтаны бөлетін көріністі, бөтен шуды болдырмау.

**Академиялық мәселелер және аккредиттеу
жөніндегі департамент**